

5-Дәріс Шағатай тілі морфологиясы

Морфология

Жұрнақтар

Есім сөзден есім сөз тудырушы жұрнақтар

+aǵu / +egü:

Бұл жұрнақ топтастық есімдер мен түрлі мағынадағы сын есім сөздерді тудырады. Мысалы: *ékegü* ‘екеуі’ (< *éki* ‘екі’ + *egü*), *içegü* ‘ішек’ (< *iç* ‘іш’ + *egü*).

+an / +en:

Топтастық есім сөздер тудырушы, көне көптік жалғауы болып саналады. Алайда, кейінірек бұл қызметін жоғалта отырып, есім сөзден есім сөз тудырушы жұрнақ түріне айналған: *oǵlan* ‘ұлдар, балалар’ (< *oǵul* ‘ұл’ + *an*), *eren* ‘еркектер’ (< *er* ‘еркек’ + *en*).

+aқ / +ek:

Кішірейткіш, сүйіспеншілік пен жанашырлықты білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *başaq* ‘масақ; жебенің ұшы’ (< *baş* ‘бас’ + *aқ*), *solaq* ‘солақай’ (< *sol* ‘сол’ + *aқ*), *saraǵ ~ saraq* ‘жапырақ немесе гүлдің сабағы’ (< *sar* ‘сабақ’ + *aǵ/қ*).

+çaқ / +çek:

Көне түрік тілінен бері қолданылып келе жатқан бұл жұрнақ, сүйіспеншілік, кішірейтпе немесе еркелетуді білдіретін сөздерді тудыруда қолданылады. Мысалы: *begçek* ‘кіші мырза’ (< *beg* ‘мырза’ + *çek*), *şıқırçaқ* ‘кішігірім шұңқыр’ (< *şıқır* ‘шұңқыр’ + *çaқ*). Аталған қызметінен бөлек сөз тудырушы қызметін де байқаймыз. Мысалы: *alıңçaқ* ‘жылқының маңдай әшекейі’ (< *alıң* ‘маңдай’ + *çaқ*), *yarǵıçaқ* ‘қол диірмені, жануарға жегілген диірмен’ (< *yar* + *ǵı* ‘?’ + *çaқ*).

+çı / +çi:

Маман иесін көрсететін немесе белгілі бір жұмысты тұрақты жасайтын адамды білдіретін есім сөздерді тудырады. Бұл жұрнақ қимыл-қозғалыс, наным-сенімге, мінез-құлықты білдіретін сөздерге жалғана отырып, атқарушы мен орындаушыны көрсететін сөздер тудырады. Мысалы: *ahtaçı* ‘мал дәрігері, жылқышы’ (< *ahta* ‘азбан, ат’ + *çı*), *altınçı, altınçı* ‘зергер’ (< *altın* ‘алтын’ + *çı*), *atımçı* ‘мерген’ (< *at-ım* ‘ату, атыс’ + *çı*), *ayalǵıçı* ‘әнші, ән айтушы’ (< *Монғол. ayaǵı* ‘ән’ + *çı*), *tamǵaçı* ‘ен/таңба салушы; сурет пен салық жинаушы’ (< *tamǵa* ‘таңба’ + *çı*), *turnaçı* ‘тырна аулаушы’ (< *turna* ‘тырна құсы’ + *çı*), *yurtçı* ‘қожайын, ие’ (< *yurt* ‘шатыр, баспана’ + *çı*), *bāverci* ‘аспаз’ (*парсы*).

bāver ‘ас, тамақ’ + *Шағ. çi*), *arğamçı* ‘арқан, жіп; ұзындық өлшем бірлігі’ (< *Монғол. arğam* ‘жіп, арқан’ + *Шағ. çi*).

+dam / +dem:

+*dam* / +*dem* жұрнағы есім сөздерге жалғана отырып тұрақты түрде сын есім тудырады. Сирек кездесетін жұрнақтардың бірі. Мысалы: *erdem* ‘рақымшыл, ізгі, мақтауға тұрарлық мейірімділік’ (< *er* ‘адам’ + *dem*).

+daş/+deş:

Бұл жұрнақ жалғанып отырған есім сөздерге ортақ сипатты, тектес немесе тұрқында мағыналарын білдіретін сөздерді жасауда қолданылады. Яғни, ұқсас немесе бірдей деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *kökeltaş* ~ *kökelteş* ‘сүт бауыры’ (< *Монғ. kökel* ‘кеуде’ + *taş*), *қарындаş* ‘бауыр’ (< *қарын* ‘қарын’ + *daş*), *қолдаş* ‘жолдас, дос’ (< *қол* ‘қол’ + *daş*), *сырдаş* ‘сырлас’ (< араб. *sır* ‘сыр, құпия’ + *daş*).

+dın/ +duñ:

aydın ‘жарық’ (< *ay* ‘ай’ + *dın*), *otun* ‘отын’ (< **ōt* ‘от’ + *duñ*).

+dırıқ/ +duruқ:

Негізінде құрал-жабдық атауларын жасайтын сөз тудырушы жұрнақ. Мысалы: *ағызdırıқ* ‘жүгеннің ауыздығы’ (< *ағыз* ‘ауыз’ + *dırıқ*), *сақалduruқ* ‘жіңішке келген қырыну құралы’ (< *сақақ* ‘жақ’ + *duruқ* немесе *сақал* ‘сақал’ + *duruқ*).

+ğaç/ +geç:

Көне түркі тілінен келе жатқан, сирек қолданылатын бұл жұрнақ кейбір жануар мен өсімдік атауларына қатысты қолданыла отырып, кішірейткіш мағына береді. Мысалы: *уығач* ‘ағаш’ (< *ı* ‘орман, ағашты жер’ + *ğaç*). Сирек жұрнақ түрі болғанымен, түрлі мағынадағы сөз тудырушы жұрнақ екендігін көреміз. Мысалы: *уелгеç* ‘желпуіш, пәр’ (< *уел* ‘жел’ + *geç*).

+ğak/+gek:

Ағза атауларын білдіретін сөз тудырушы жұрнақ болып саналады. Мысалы: *қулақ* ‘құлақ’ (< *қул* ‘қызметші, құл’ + (*ğ*)*ak*), *тірсек* ‘тірсек’ (< *tirs* ‘тізе’ + (*g*)*ek*), *янақ* ‘бет/ұрт, жаңғақ’ (< *yan* ‘жағы’ + *ğak*), т.б.

+ğına/ +gine, +kına/ +kine:

Көне түрік тілінен бері белгілі бұл жұрнақ, негізінде, зат есім мен сын есімдерде кішірейткіш сипатта қолданылатын сөздер құрамында қолданылады. Мысалы: *қушқина* / *қушғина* ‘кішкентай құс’ (< *қуш* ‘құс’ + *ğ/kına*), *күнкине* ‘бір күндік’ (< *күн* ‘күн’ + *kine*), *аққина* өу ‘кіші билеуші шатыры’ (< *ақ* ‘ақ’ + *kına*), *азғина* ‘кішігірім, аз ғана’ (< *аз* ‘аз’ + *ğına*), *кіçиккине* ‘кіп-

кішкентай’ (< *kiçik* ‘кішкентай’ + *kine*), *birgine* ‘жалғыз ғана, бірден-бір’ (<*bir* ‘бір’ + *gine*).

+lağ/ +laқ:

Жалпы, жер мен уақыт атауларын білдіретін жұрнақ болып саналады. Мысалы: *қышлағ/қ* ‘қыстақ, қыстайтын орын’ (<*қыш* ‘қыс’ + *лағ/қ*), *торлағ* ‘аңшылық орны’ (< *tor* ‘тұзақ, ау’ + *лағ/қ*), *яулағ* ‘жайлау’ (< *яу* ‘жаз’ + *лағ/қ*).

+lıғ/+lig, +luқ/+lük:

Тәуелділік, қатыстық мағынасындағы сын есім тудырушы жұрнақ. Мысалы: *едблiғ* ‘әдепті’ (< *edeb* ‘әдеп’ + *ліғ*), *атліг* ‘атақты, танымал, әйгілі’ (< *at* ‘ат/есім’ + *ліг*), *бағліг* ‘айнымас, сенімді’ (< *bağ* ‘байланыс’ + *ліг*), *баşліг* ‘басқаратын’ (< *baş* ‘бас’ + *ліг*), *қайғулуғ* ‘қайғылы, қапалы’ (< *қайғу* ‘қайғы’ + *луғ*).

+lıқ/+lik, +luқ/+lük:

Сын есім тудырушы жұрнақтарымен бірге Шағатай тілінде түрлі функцияларға ие. Мысалы:

1. Сапа, сипат мағынасындағы дерексіз зат есім тудырушы жұрнақ. Бұлардың кейбірі тұрақты зат есімдер ретінде де қолданылады. Мысалы: *ābādlik* ‘абаттық, гүлденген’ (< *ābād* ‘абаттық, гүлденген’ + *лік*), *bahālik* ‘құндылық/баға’ (< парс. *bahā* ‘құн, баға’ + *лік*), *қарılık* ‘кәрілік’ (< *қарı* ‘қарт/кәрі’ + *лік*), *ағалық* ‘бауырластық, ағалық’ (< монғ. *ақа* ‘аға’ + *лік*).
2. Жұмыс, қызмет атауларына жалғана отырып, деректі зат есім тудырушы жұрнақ. Мысалы: *қойулық* ‘бақташылық’ (< *қой* + *қи* ‘бақташы, малышы’ + *лік*), *ярақсылық* ‘қару жасаушылық’ (< *яра-қ* + *қи* ‘қару жасаушы’ + *лік*).
3. Белгілі бір заттардың көп шоғырланған жер атауларын білдіретін сөздер тудырушы жұрнақтар. Мысалы: *йигделік* ‘жиде ағашының қалың орналасқан жері’ (< *йигде* ‘жиде’ + *лік*), *қамыстылық* ‘қамысты жер’ (< *қамыс* ‘қамыс’ + *лік*).
4. Белгілі бір заттың лайықтығын, сәйкестілігін түсіндіру үшін қолданылады. Мысалы: *яғлық* ‘қол орамал (майлық), орамал, шадра’ (< *яғ* ‘май’ + *лік*), *ашлық* ‘астық’ (< *аш* ‘тамақ, ас’ + *лік*).
5. Уақыт ұзақтығын көрсететін сөздер тудыратын жұрнақтар. Мысалы: *йылқılık* ‘жылдық, бір жыл ішінде’ (< *йыл* ‘жыл’ + *қи* + *лік*), *йыллық* ‘жылдық, қалған жылдар’ (< *йыл* ‘жыл’ + *лік*), *бу күн танлалық* ‘өмір ‘өмірдің қысқа бір кезеңі’ (< *тан* + *ла* ‘ертең’ + *лік*).

+sız/+siz, +suz/+süz:

Жоқтықты және аздықты білдіретін сын есімдер тудырушы жұрнақтар. Мысалы: *ансыз* ‘олсыз’ (< **an* ‘ол жіктеу есімдігі’ + *сыз*), *анасыз* ‘анасыз’ (< *ана*

‘ана’ + *sız*), *alasıız* ‘адал, шынайы, шын жүректен’ (< *ala* ‘айла-қулық’ + *sız*), *ēşiksiz* ‘есіксіз’ (< *ēşik* ‘есік’ + *sız*), *kōñülsiz* ‘көңілсіз-зауықсыз’ (< *kōñül* ‘көңіл’ + *sız*), *rengsiz* ‘түссіз’ (< *reng* ‘түс’ + *sız*).

+suğ/+suқ:

Шағатай тіліндегі сирек кездесетін жұрнақтардың бірі. Мысалы: *tañsuğ/қ* ‘керемет, дағдыдан тыс’ (< *tañ* ‘оғаш’ + *suğ/қ*).

+mtul, imtul/+imtül, +umtul/+ümtül:

Көне және Орта кезең түркі тілдерінде кездеспейтін тек Шағатай тілінде кездесетін жұрнақтардың бірі. Түс атауларына кішірейткіш мағына беруде қолданылады. Мысалы: *ağımtul* ‘ақшыл’ (< *aқ* ‘ақ’ + *imtul*); *қaramtul* ‘қаралау’ (< *қара* ‘қара’ + *mtul*); *kökümtül* ‘көкшіл’ (< *kök* ‘көк’ + *ümtül*), *sarımtul* ‘сарғыш’ (< *sarığ* ‘сары’ + *imtul*), *yaşımtul* ‘жасылдау’ (< *yaş* ‘жасыл’ + *imtul*).

+iş/+iш:

Сирек кездесетін жұрнақтардың бірі. Мысалы: *yemiş* ‘жеміс’ (< *yem* ‘тамақ’ + *iş*; син. (ДЛТ) *yem* ‘тамақ’).

Етістіктен есім сөз тудырушы жұрнақтар

-v, -av/-ev:

Бұл жұрнақ көбіне жинақтық есімдер мен есім сөздердің алуан түрін тудыратын жұрнақтар. Бұл *-agu / -egü* жұрнақтарынан пайда болған етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтың бір түрі. Мысалы: *bilev* ‘жіліншік, тобық’ (< *bi+le-* ‘қайрау’ - *v*), *bütev* ‘барлығы, бәрі’ (< *büt* ‘біту, таусылу’ -*ev*), *kirev* ‘кепіл’ (< *kir* ‘кіру’ -*ev*).

-vul / -vül, -avul / -evül:

Шағатай тілінде қолданыс аясы тар бұл жұрнақ, мамандық, кәсіп атауларын тудырушы жұрнақ. Мысалы: *қаравul* ‘ізашар, көшбасшы’ (< *қара* ‘қарау’ -*vul*), *таpавul* ‘қызметші, ізашар, барлаушы’ (< *таp* – ‘табу’ -*avul*).

-ğ / -g, -iğ / -ig, -uğ / -üğ, -қ / -k, -aқ / -eқ, -uқ / -uk:

Негізінен етістіктердің нәтижесін білдіретін сөздер тудырушы жұрнақ. Кейде түрлі мағынадағы сын есімдер де тудыруша қызметі байқалады. Мысалы: *ağriğ/қ* ‘ауру, қолайсыздық, ыңғайсыздық, дерт’ (< *ağri-* < **hağri-* ‘ауыру’ -*ğ/қ*), *aқsağ/қ* ‘ақсақ’ (< *aқsa-* ‘ақсау’ -*ğ/қ*), *ariğ* ‘таза, саф’ (< *ari-* ‘тазалау, таза болу’ -*ğ*), *aşığ/қ* ‘пайда, шарапат’ (< **as* – ‘көбею’ -*iğ*), *ayruқ* ‘бөлек, өзгеше’ (< *ayır-* ‘бөлу’ -*uқ*), *bilig* ‘білім’ (< *bil-* ‘білу’ -*ig*), *örtüg* ‘жамылғы’ (< *ört-* ‘жабу’ -*üğ*), *таpуğ* ‘қызмет’ (< *таp-* ‘қызмет ету’ -*uğ*).

-ğa / -ge, -қа / -ke:

Сабақты және салт етістіктерден бастауыш, сабақты етістіктің түбір сөздерінен толықтауыш тудыратын жұрнақ ретінде қолданылған. Мысалы: *bilge* ‘ұста, епті’ (< *bil-* ‘білу’ -*ge*), *köleke* ‘көлеңке’ (< *köli-* ‘жасыру, тығып қою’ -*ge*), *kıska* ‘қысқа’ (< *kıs-* ‘қысу, қысқарту’ -*ka*), *yinçke* ‘жіңішке’ (< **yinç-* ‘?’ -*ke*), *yorga* ‘жорға’ (< *yori-* ‘жүру, жорғалау’ -*ga*).

-ğaқ / -gek, -қақ / -kek:

Шағатай тілінде көбінесе етістіктен зат есім (бастауыш кейде толықтауыш қызметінде) тудырушы жұрнақ болып саналады. Мысалы: *itgek* ‘өткір’ (< *iti-* ‘қайрау, өткірлеу’ -*gek*), *sergek* ‘сергек’ (< *serege-* ‘ояну’ -*gek*), *tèrgek* ‘жиналатын зат, жүк’ (< *tèr-* ‘жинау’ -*gek*).

-ğan / -gen:

Сабақты және салт етістіктерден зат есім (бастауыш қызметінде) тудыратын жұрнақ ретінде қолданылған. Мысалы: *tugğan* ‘бауыр’ (< *tug-* ‘туу’ -*ğan*), *yaratğan* ‘жаратушы’ (< *yara-t* ‘жасау, жарату’ -*ğan*).

-güç / -güç:

Шағатай тілінде өте сирек кездесетін деректі зат есім мен түрлі мағынадағы сын есім тудырушы жұрнақ ретінде қолданылған. Мысалы: *yèlpigüç* ‘желпуіш’ (< *yèlpi-* ‘желдету’ -*güç*), *titregüç* ‘басқа тағатын әшекей, пашақ, әйелдердің сәндік құралы’ (< *titre-* ‘жылтылдау’ -*güç*).

-ğun / -gün, -қun / -kün:

Салт етістіктерден сабақты етістің сын есім мағынасында жұмсалатын сын есімдер, сабақты етістіктерден ырықсыз етіс тудырушы жұрнақтар ретінде қолданылған. Мысалы: *uçğun/қun* ‘ұшқын’ (< *uç-* ‘ұшу’ -*ğ/қun*), *çarқun* ‘шабуыл; тонаушылық’ (< *çar-* ‘шабу, соққы беру, кесу’ -*ğ/қun*), *üzgün* ‘тасқын’ (< *üz-* ‘кесу, қопару’ - *gün*).

-ı / -i:

Сабақты етістіктің толықтауышы мен салт етістіктің бастауышын анықтайтын зат есім мен сын есімдер тудырушы жұрнақ ретінде қолданылады. Мысалы: *taқи* ‘данышпан, де/да’ (< *taқ-* ‘қосу, жалғау’ -*ı*), *ayrı* ‘бөлек’ (< *ayır-* ‘бөлу’ -*ı*), *egri* ‘қисық’ (< **egir-* ‘айналдыру, бұру’ -*ı*), *қarşı* ‘қарама-қайшы’ (< **karış-* ‘қарсы шығу’ -*ı*).

-l:

Етістіктің нәтижесін көрсететін есім сөздер тудырушы, сирек қолданылатын жұрнақ болып табылады. Мысалы: *tükel* ‘барлығы, бәрі’ (< *tüke-* ‘біту, аяқталу, жеткілікті’ -*l*), *osal* ‘аңғал’ (< **osa-l*; *osan-* ‘аңғал болу’ < **osa-n-*).

-m, -ım / -im, -um / -üm:

Етістікті есім сөздерді, сабақты етістіктердің толықтауышын, салт етістіктердің бастауышын көрсететін зат есім сөздер тудырушы жұрнақтар болып табылады. Кейде сапа мен өлшем атауларын білдіретін зат есім тудырушы қызметінде кездеседі. Мысалы: *atım* ‘атыс, ату ісі’ (< *at-* ‘ату’ -*ım*), *boğum* ‘түйін’ (< *boğ-* ‘буындыру, буу’ -*ım*), *konum* ‘баспана, жеке жай’ (< *kon-* ‘қону’ -*ım*), *ölüm* ‘өлім’ (< *öl-* ‘өлу’ -*üm*), *tilim* ‘тілім’ (< *til-* ‘тілу’ -*im*).

-ma / -me:

Салт етістіктің толықтауышын көрсететін зет есім тудырушы тудыруша жұрнақ ретінде қолданылған. Мысалы: *çalma* ‘құрғаған балшық немесе саман бөлшегі’ (< *çal-* ‘жерге жайып қою, жер тарпу, соғу’ -*ma*), *ısıtma* ‘безгек, қызу көтерілуі’ (< *ısıt-* ‘ысытпалау, безгектің ұстауы’ -*ma*).

-maç / -meç:

Бұл жұрнақ санаулы сөздер тысында, тамақ атауларын білдіретін зат есім тудырушы жұрнақ ретінде де қолданылған. Жалпы көзқарас бойынша, бұл жұрнақ -*ma* қосымшасы мен *aş* ‘тамақ, ас’ сөзінің бірігуінен пайда болған. Мысалы: *kavurmaç* (< *kağur* ‘қуыру’ -*maç*), *bulamaç* ‘ұннан жасалған сорпаның бір түрі’ (< *bulğa* ‘араластыру’ -*maç*), *tutmaç* ‘кеспе’ (< *tut* ‘ұстау’ -*maç*).

-mur / -mür:

Өте сирек кездеседі. Мысалы: *yağmur* ‘жаңбыр’, син. *yamğur* (< *yağ* ‘жауу’ -*mur*), *kömür* ‘көмір’ (< **köñ-* ‘жану’ -*mür*), *tamar*, *tamur* ‘тамыр’ (< **tamır*, < **tammur* < *tam-* ‘тамшылау’ -*mur*).

-n, -ın / -in, -un / -ün:

Туынды есім сөздер белгілі бір іс-әрекеттің аяқталуынан кейінгі пайда болған өнімді, етістіктермен көрсетілген іс-әрекетті орындаушыны, әрекетті және нәтижені көрсетеді. Мысалы: *bütün* ‘барлық, барлығы’ (< *büt-* ‘біту, аяқталу, мерзімі өту’ -*ün*), *eg(in)* ‘арқа, иық’ (< **eg-* ‘ию, бүгу’ -*in*), *kurun* ‘уақыт’ (< *kur-* ‘құру’ -*un*), *tolun* ‘толы, толтырылған’ (< *tol-* ‘толу’ -*un*), *tügün* ‘түйін, байлам’ (< **tüg-* ‘байлау, бүктеу’ -*ün*).

-nç, -ınç / inç, -unç / -ünç:

Жалпы, ой-сана немесе дене қимылдарын түсіндіретін дерексіз есім сөздер тудырушы жұрнақ болып есептеледі. Мысалы: *söğünç* ‘сөгіс, кінәлау, балағаттау’ (< *sög-* ‘сөгіс айту, азарлау, балағат сөз айту’ -*ünç*), *korğunç* ‘қарғыс’ (< *korğ-* ‘қорқу’ -*unç*), *soğunç* ‘қуаныш, бақыт’ (< *soğ-* ‘қуану’ -*unç*).

-ş, -ış/-iş, -uş / -üş:

Шағатай тіліндегі ең кең таралған жұрнақтардың бірі. Көбінесе іс-әрекетті немесе іс-әрекет нәтижесін сипаттайтын есім сөздер тудырушы жұрнақ ретінде қолданылады. Мысалы: *alkış* ‘дұға ету, мінәжат’ (< *alka-*

‘қошаметтеу’ -*ı*ş), *kêneş* ‘анықтама, сұхбат’ (< *kê*η+*e*- ‘кеңесу’ -*eş*), *uruş* ‘соғыс, ұрыс-керіс’ (< *ur*- ‘ұру’ -*u*ş).

-t, - ut/ - üt:

Бұл сабақты етістіктің толықтауышын, салт етістіктің бастауышын көрсететін іс-әрекетті білдіретін тұйық етістік жасаушы жұрнақтар. Мысалы: *kurut* ‘кұрт, майсыз ірімшіктің бір түрі’ (< **kur*(*ı*)- ‘кұрғау’ -*t*), *ölüt* ‘өлімші, ажалды; індет’ (< **öl-ür* ‘өлтіру’ -*üt*).

-z, -uz / -üz:

Көбінде сабақты етістік толықтауышын, салт етістіктің бастауышын көрсететін есім сөз тудырушы жұрнақ ретінде қолданылған. Мысалы: *boğ(u)z* ‘мойын, өткел, асу’ (< *boğ*- ‘буындыру’ -*uz*), *söz* ‘сөз’ (< **sö*- ‘сөйлеу’ -*z*), *uz* ‘ұста, шебер, білікті’ (< *u*- ‘қолынан іс келеді’ -*z*).

Есім сөздерден етістік тудырушы жұрнақтар

+a-/ +e-:

Көне түрік тілінде кеңінен қолданылған бұл жұрнақ есімдерден пайда болған немесе есім тудырушы мағынасында қолданылып, сабақты және салт етістік тудырушы болып табылады. Мысалы: *ata-* ‘атау’ (< *at* ‘*am*, есім’ +*a-*), *қана-* ‘қанау’ (< *қан* ‘қан’ +*a-*), *қина-* ‘сөгу, жазалау; азапқа салу’ (< *қин*- ‘жаза, азап’ +*a-*), *оуна-* ‘ойнау’ (< *оуин* ‘*ойын*’ + *a-*), *өğren-* ‘үйрену’ (< **öğür* ‘табын, топ’ +*e-n-*).

+ay-/ +ey- (<КТ+ad-/ +ed-):

Бұл жұрнақ есім сөздің «болу» мағынасында жұмсалатын салт етістік тудырушы жұрнақ болып табылады. Мысалы: *тиңау-* ‘жабырқаңқы болу, қапалы болу’ (< *тиң*- ‘мұң, үрей’ +*ay-*), *ұлғау-* ‘үлкею, өсу’ (< *улуғ*- ‘ұлы, үлкен’ +*ay-*), *көркеу-* ‘әдемілену, көркею’ (< *көрк*- ‘әдемі, көркем’ +*ey-*).

+da-/ +de-:

Есім сөздер мен ономатопеялық сөздерден сабақты және салт етістіктер тудырушы жұрнақтар. Көбінесе сабақты етістіктерде кездеседі. Мысалы: *алда-* ‘алдау, арбау’ (< *al* ‘айла, ойын’ +*da-*), *бағишда-* ‘жүресінен отыру’ (< *бағиш* ‘жүресінен’ +*da-*), *ізде-* ‘қарау, қалау; іздеу’ (< *із* ‘із, нышан, белгі’ +*de*), *шағалда* ‘сылдырлау’ (< *шағал* ‘сылдыр (ономатопеялық сөз)’ +*da-*), *yolda-* ‘жол көрсету, нұсқау’ (< *yol* ‘жол’ +*da-*).

+ı-/ +i-:

+ı-/ +i- жұрнақтары қазіргі уақытта қолданыс аясы азайып, кейбір етістіктерде ғана қолданыста көрінеді. Мысалы: *бауı-* ‘баю, көбею’ (< *bay*

‘бай’ +*l-*), *berki-* ‘беку, нығаю’ (< *berk* ‘бекем, күшті’ +*i-*), *taşı-* ‘тасып кету, тасу’ (< *taş* ‘сыртқы’ +*l-*).

+қар-:

Көбінесе сабақты етістік тудыратын жұрнақ ретінде қолданылады. Мысалы: *başқар-* ‘бақару, нұсқаулық ету’ (< *baş* ‘бас’ +*қар-*).

+la-/+le-:

Есім сөз білдіріп тұрған белгілі бір іс әрекетті көрсету үшін әр-түрлі есім сөздерге жалғанады. Мысалы: *aççıғla-* ‘ашулану, ызалану’ (< *aççığ* ‘ашу’ + *la-*), *ağırla-* ‘құрмет көрсету, ізет көрсету’ (< *ağır* ‘сый-құрмет’ + *la-*), *balala-* ‘балалау’ (< *bala* ‘бала’ + *la-*), *boyla-* ‘боймен өлшесу; бір нәрсенің бойымен жағалай жүру, бастан соңына дейін жүру’ (< *boy* ‘бой’ + *la-*), *tañla* ‘таңғалу, таңырқау; сәуле/шұғыла шашу, жарқырау’ (< *tañ* ‘таңданыс’ + *la-*).

+іқ-/ +ік-:

Есімдерден салт етістік жасаушы жұрнақ. Мысалы: *atıқ* ‘атақты болу, аты белгілі болу’ (< *at* ‘ат, есім’ + *іқ-*), *birik-* ‘бірігу, жиналу, тұтастану’ (< *bir* ‘бір’ + *ік-*), *tarıқ* ‘тарылу, қысылу’ (< *tarık* ‘тар’ + *la-*).

+l-/ +al-/ +rl-:

Бұл жұрнақ зат есім және сын есімге жалғана отырып, салт етістік тудырады. Мысалы: *azal-* ‘азаю, кему’ (< *az* ‘аз’ +*al-*), *oñal-* ‘оңалу, аурудан жазылу’ (< *oñ* ‘оң’ +*al-*), *karşul* ‘қарсы алу’ (< *karşu* ‘қарсы жақ’ +*l-*).

+r-/ +ar-/ +er-:

Негізінен өздік етіс тудыруша жұрнақ ретінде қолданылады. Мысалы: *akar* ‘ағару’ (< *ak* ‘ақ’ +*ar-*), *bêlgür* ‘біліну, байқалу’ (< *bêlgü* ‘із, белгі, таңба, нышан’ +*r-*), *êskir* ‘ескіру’ (< *êski* ‘ескі’ +*r-*), *köker* ‘көкшіл тарту, көгалдану’ (< *kök* ‘аспан; көк, жасыл’ +*er-*).

+ra-/ +re-:

Салт етістік тудырушы жұрнақ ретінде қолданылады. Мысалы: *muñra* ‘түншығу, зерігу, ренжу’ (< *muñ* ‘мұң, реніш,’ +*ra-*), *têlberè* ‘ақылдан алжасу’ (*têlbe* ‘есі ауысқан’ +*re-*).

+rğa-/ +rge-, +ırğa-/ +irge, +urğa-/ +ürge-:

Бұл жұрнақ та сирек қолданылатын жұрнақтардан бірі болып саналады. Пікір немесе көзқарасты білдіретін етістік тудырушы жұрнақ. Мысалы: *muñurğa* ‘ренжу, зерігу’ (< *muñ* ‘реніш, мұң’ + *urğa-*), *tañurğa* ‘таңырқау’ (< *tañ* ‘таңданыс’ + *urğa-*).

+u- / +ü-:

Өте сирек кездесетін есімдерден етістік тудырушы жұрнақтардың бірі болып табылады. Мысалы: *öliüt* ‘ылғалдандыру’ (< *öl* ‘дымқыл, ылғал’ + *i-t-*), *yaru* ‘жарықтану, жарқырау’ (< **yar* ‘шұңқыр, саңылау (жарық)’ + *u-*).

Етістіктен етістік тудырушы жұрнақтар

-ar-/-er-:

Шағатай тілінде жиі қолданылатын етістіктен етістік тудырушы жұрнақтардың бірі. Көне түркі тіліндегідей өзгелік етіс ретінде қолданылатын «жасату», «орындату» мағынасындағы етістіктер тудырады. Мысалы: *çiqar* ‘шығару’ (< *çiq* ‘шық-’ -*ar-*), *çöker* ‘шөктіру’ (< *çök* ‘шөгу’ -*er-*), *kèter* ‘кетіру’ (< *kèt* ‘кету’ -*er-*), *qaytar* ‘қайтару’ (< *qay-t-ar* < *KT qadı-t-*), *qopar* ‘қопару, қазу’ (< *qop* ‘үзілу, үзіліп кету’ -*ar-*), *soğar* ‘батыру’ (< *soğ* ‘соғу’ -*ar-*).

-dur-/-dür-, -tur-/-tür-:

Етістіктің каузатив формасын тудырушы сергек қолданылатын жұрнақтардың бірі. Етістіктерге жалғана отырып, болысу және жасату секілді мағына береді. Мысалы: *alıştur* ‘аудару, ауыстыру’ (< *al-ıř-* ‘шабул жасау; айырбастау, алмасу’ -*tur-*), *atlandur* ‘аттандыру, жолға шығару’ (< *at+la-n-* ‘атқа міну’ -*tur-*), *çaldur* ‘ұрлату’ (< *çal* ‘ұрлау’ -*dur-*), *qatıştur* ‘қосу, жалғасу’ (< *qat-ıř-* ‘қосылу’ -*tur-*), *qoşuldur* ‘қату, қосу’ (< *qoş-ul-* ‘қосылу, байланысу; қатыстырылу’ -*dur-*), *tavşaldur* ‘шарасыз қалдыру’ (< *tavşa-l-* ‘шаршау’ -*dur-*), *yığıştur* ‘топтау, жинау, біріктіру’ (< *yığ-ıř-* ‘жиналу’ -*tur-*).

-ğar-/-ger-, -qar-/-ker-:

Шағатай тілінде сирек қолданылатын етістіктен етістік тудырушы жұрнақтардың бірі. Көне түркі тілінде кездесетін етістіктің каузатив формасын тудырады. Мысалы: *bütker* ‘бітіру’ (< *büt* ‘біту’ -*ker-*), *ötker* ‘өткізу, бас тартқызу’ (< *öt* ‘өту; бару; орын алу; пайда болу; түсіндірілу; ыңғайлау; алға жылжу’ -*ker-*), *qıřkar* ‘асығу, қысқырту’ (< *qıř-* ‘қысу’ -*kar*), *toyğar* ‘тойғызу, тамақ жегізу’ (< *toy* ‘тою’ -*gar-*).

-ğula-/-qula-:

Жиілік және көптік мағынасын білдіретін сирек кездесетін жұрнақтардың бірі. Бұл жұрнақ екі қосымшаның бірігуінен пайда болуы ықтимал. Есім сөзден етістік тудырушы +*ğa-/+ge-*, +*qa-/+ke-* +*la-/+le-* жұрнақтарының бірігуінен құралған бір жұрнақ болуы мүмкін. Мысалы: *atqula* ‘оқ жаудыру’ (< *at* ‘ату, лақтыру’ -*qula-*), *çarqula* ‘бас жарылғанша күресу, атпен салт жүру, шайқасу’ (< *çar* ‘ұру, кесу; қуу; қаша жөнелту, ат шаптыру’ -*qula-*), *tartqulaş* ‘дауласу, күресу, шайқасу’ (< *tart* ‘тарту, жұлқу’ -*qula-ş-*).

-ğuz-/-güz-:

Етістіктің каузатив формасын тудырушы жұрнақ болып табылады. Шағатай тілінде кеңін кездесетін жұрнақтардың бірі дей алмаймыз. Мысалы: *kirguz* ‘кіргізу, жіберу, қосу, қамту’ (< *kir-* ‘кіру’ -*guz-*), *körgüz* ‘көрсеткізу’ (< *kör-* ‘көру’ -*güz-*), *olturguz* ‘отыртқызу’ (< *oltur-* ‘отыру’ -*guz-*).

-k/-ik-:

Етістіктерге күшейткіш мағына беретін, алайда қолданыста кеңінен қолданылмайтын жұрнақтардың бірі. Салт етістік тудырушы жұрнақ ретінде байқалады. Мысалы: *ayık-* ‘өз өзіне келу, айығу; ұғыну; есте сақтау’ (< **ay* ‘айығу’ -*ik-*), *azık* ‘жолдан таю, адасу’ (< *az-* ‘бетімен кету, жолдан адасу’ -*ik-*), *қашиқ* ‘қашып құтылу’ (< *қаç-* ‘қашу’ -*ik-*).

-l-, -il-/il-, -ul-/ül-:

Етістің өздік, ырықсыз және белгісіздік түрлерін тудырушы жұрнақ болып табылады. Мысалы: *arıl* ‘тазартылу’ (< *arı-t-* ‘тазалау’ -*il-*), *aytturul-* ‘айттырылу’ (< *ay-t-tur-* ‘айттыру’ -*ul-*), *büzül-* ‘жиырылу’ (< *büz* ‘жиыру’ -*ül-*), *çapturul-* ‘ат шабыстыру’ (< *çap-tur-* ‘шаптыру, шабуыл жасау’ -*ul-*), *çırmal* ‘орану’ (< *çırma-* ‘орау, оранып-шымқану, шырмау’ -*l-*), *қақшал* ‘құрғау’ (< *қақ+ша-* ‘құрғау’ -*l-*), *қарал-* ‘қоршау, құрсалау’ (< *қара-* ‘жабу, алдын алу; қоршау’ -*l-*).

-n-, -ın-/in-, -un-/ün-:

Өздік, ырықсыз етіс мағынасындағы етістіктер мен белгісіздікті білдіретін етістік тударушы жұрнақ болып табылады. Мысалы: *ақиғ/қлан-* ‘ренжу, ашулану; ашыну, ызалану’ (< *ақиғ/қ+ла-* ‘ренжу, ашулану, ызалану’ -*n-*), *atlan-* ‘аты шығу, атақты болу, белгілі болу’ (< *at+ла-* ‘аты шығу, атақты болу’ -*n-*), *қауқан-* ‘шайқалу, тербелу, қозғалу; жуыну, тазалану’ (< *қауқа-* ‘шайқау, тербелу; жуу, тазалау’ -*n-*), *çulğan-* ‘тоқылу, жабылу, орану’ (< *çuğla-* ‘тоқу, өру, жабу’ -*n-*), *қоқан-* ‘бірге болу, қосылу’ (< *қоç-* ‘қашу, қосу; біріктіру’ -*an-*), *оқип-* ‘оқылу’ (< *оқи* ‘оқу’ -*n-*).

-ur-/ür-:

Етістіктің каузатив формасын тудырушы кеңінен таралған жұрнақтардың бірі ретінде қолданылады. Мысалы: *ашур-* ‘асырту’ (< *аш-* ‘асыру, алып өту’ -*ur-*), *basur-* ‘бастыру, ұстату’ (< *bas-* ‘басу’ -*ur-*), *қазур-* ‘қаздыру’ (< *қаз-* ‘қазу’ -*ur-*), *savur-* ‘сейілтту’ (< *sav-* ‘қуу, серпілтту’ -*ur-*), *уарур-* ‘жабу, жасыру’ (< *уар-* ‘жабу’ -*ur-*), *çötmür* ‘батыру’ (< *çöm-* ‘бату, түбіне дейін бату’ -*ür-*).

-sa-/se-:

Етістіктен етістік тудырушы сирек қолданылатын жұрнақтардың бірі. Етістіктерге қалау мағынасын береді. Мысалы: *kapsa-* ‘қамту’ (< *қаp-* ‘ұстап алу’ -*sa-*), *körset* ‘көрсету’ (< *kör-* ‘көру’ -*se-t-*).

-ş-, -iş-/ -iş-, -uş-/ -üş-:

Белгілі бір іс-әрекетті бірнеше орындаушының бірлесіп немесе өзара орындалғанын көрсету үшін қолданылады. Жиі кездесетін жұрнақтардың бірі. Іс-әрекеттің бірлесе немесе өзара жасалғанын және іс-әрекеттің туындау мағынасын да көрсетеді. Мысалы: *ayrılış-* ‘айырылысу, ажырасу’ (< *ayır-ıl-* ‘ажырасу’-*iş-*), *aldaş-* ‘алдау’ (< *al+da-* ‘алдау’-*ş-*), *bérkiş-* ‘берік болу, мықты болу, нығыздалу’ (< *bérk+i-* ‘мықты болу’-*ş-*), *çapқulaş-* ‘қылыштасу’ (< *çap-қula-* ‘ұру, соғысу, қиян-кескі ұрысу; атқа салт міну, соғу’-*ş-*), *қarmaş-* ‘қоршап алу, ұстап алу, қолға түсіру’ (< *қarma-* ‘ұстап алу, ұстау, шап беру’-*ş-*).

-t-:

Дауысты дыбысқа немесе *r* дауыссызына аяқталған түбір сөздерге жалғана отырып, орындату, жасату мағынасын білдіреді. Ең жиі қолданылатын етістіктер төмендегідей. Мысалы: *ağnat-* ‘масайрату, есінен тандыру’ (< *ağ(i)n+a-* ‘масайрау, аурудан бүрісу, жерде домалау’-*t-*), *bèlgürt-* ‘анықтату, көрсету’ (< *belgü+r-* ‘анықтау’-*t-*), *çayқat-* ‘жуғызу’ (< *çayқа-* ‘жуу, тазалау’-*t-*), *қavlat-* ‘қудыру’ (< *қav-la-* ‘қуу, айдап шығу’-*t-*), *tарқat-* ‘бөлу, тарқату’ (< монғ. *tарқа-* ‘ыдырау, ажырау’-*t-*), *uçrat-* ‘кездестіру, ұшырату’ (< *uçra-* ‘кездейсоқ кездесу, тап болу’-*t-*), *yaşnat-* ‘жарқырату, жарық түсірту’ (< *yaş(i)n+a-* ‘жарқырау, жарық болу’-*t-*).

-z-, -iz-/ -iz-, -uz-/ -üz-:

Етістіктің каузатив формасын тудырушы жұрнақтың бірі. Мысалы: *ақız-* ‘ағызу’ (< *ақ-* ‘ағу’-*iz-*), *tamız-* ‘тамыздыру’ (< *tam-* ‘таму’-*iz-*).

Тапсырмалар:

1. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

بول	قوى
بوز	صول
قول	صور
قوپ	تول
قوش	طون

2. Берілген сөздердің жазылуына назар аударып, оқылуын үйреніңіз.

آرا ara

آتا ata

آغا aġa

اينى ini

ايكى iki

اويو uyu

اغير aġır

آغيز aġız

آداق adaq

آريغ arıġ

آياق ayak

اگر eger

ايسيغ ısıġ

اولوغ uluġ

اونوت unut

اوروش uruş

اويقو uyku

3. Төмендегі бос орындарға тиісті жалғауларды жалғаңыз.

تيريگ tirig tiriglik
يگيت yigit yigitlik
يالگوز yalguz yalguzluk
يول yol yolsuz
جان can cansız
اوچ üç üçünçi
بش beş Beşinçi

СМӨЖ Тақырыптары:

1. Берілген түпнұсқа мәтінінің транскрипциясын жасай отырып, талдаңыз.

چيستان

بر ييلان كوردم كى ايكى باشى بار
آغزى بردر آياغى بر تيشى بار
گاهى آغزيك صاقلايوپدور بر ييلان
اول ييلاننك حسرتيندن قان يوتار

2. Берілген түпнұсқа мәтінін көшіріп жазыңыз.

*Mevlânâ Sekkâkî Divanı'ndan **

ای قرا زلفونک سینینک سودایی لار سر مایسی
سرو بویلوقلار یوزی نینک کل یوزونک پرایه سی

سرو نی حد برلا سرکش لیک قیلور قدینک بیله
بیلکورور میدان ایچیندا هر کیشی نینک پایه سی

تورت ام و یتی انا دین بر سنینک تیک نی ینه
توغروب اولغاتمادی هرکز بو اژون نینک دایسی

رایینک اولدور مینی اولتورسانک ولیکن فکر قیل
آخری بولور پشیان آدمی خود رایه سی

بر صنوبرتیک قدینک نینک سایه سین کورسام ولی
شمع سین بو روشن اولکیم شمع نیک یوق سایه سی

کوزلارینک قتال ایرور کیر پیکلاریکن قان توکوچی
اوزکانی اورکانسون اول جلا دنینک همسایه سی

قیلدی سگاکی قرا زلفونک بیله سودا بسی
ایلکیدا حال پریشانلیق ایننک سرمایسی

(Mevlânâ Sekkâkî, Divan, British Museum, nr. 2079, 20b-21a)

* Bu metnin yazımında János Eckmann'ın "Çağatay Dili Örnekleri III. Sekkâkî Divanı'ndan Parçalar", (İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi, c.12, İstanbul, 1963, s.157-174.) adlı yayınından yararlanılmıştır.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Сағындықұлы Б. «Ғибат-улхақайық» – XII ғасыр ескерткіші: Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің (XI-XII ғғ.) тілі арнаулы курсының оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.
3. Eren, N., Çağatay Lugatleri Hakkında Notlar, DTCF журналы, №1-2, Анкара, 1950.
4. Inan, A. Çağatay Yazı Dilinin Kuruluşu Tarihine Dair Düşünceler, Türk Dili Belleten III, № 6-7, Анкара, 1946.
5. Қордабаев, Т., Томанов, М., Тарихи грамматика мәселелері, Мектеп, Алматы, 1975.
6. Нұрмаханова А., Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Алматы, 1971.
7. Серебренников Б., Гаджиев Н., Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков, Баку, 1979.